

2 тақырып:

**Азаматтық істер
жүргізу құқығының
қағидалары**

Сұрақтар:

1. Сот төрелігінің Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша демократиялық негіздері.
2. Азаматтық процесс қағидаларының ұғымы мен жүйесі, олардың жіктелуі.
3. Азаматтық іс жүргізу қағидаларының жеке сипаттамасы:
 - а) Азаматтық сот өндірісінің ұйымдастырушылық қағидалары
 - б) азаматтық сот өндірісінің қызметтік қағидалары

Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары – азаматтық істер жүргізу құқығы нормаларында бекітілген идеялық-саяси басшылыққа алынатын ережелер, олар процесстің құрылымын, табиғатын анықтайды, процессуалдық құқықтың әрбір нормасы мен институты қағидаларға сүйеніп құрылады.

Қағидалар жүйесі:

- сот төрелігін ұйымдастыру қағидалары
(ұйымдастырушылық).

- сот пен процеске қатысушылардың процессуалдық қызметтерін анықтайтын қағидалар
(функционалдық, қызметтік).

Ұйымдастырушылық қағидаларға:

- ҚР АПК:

7 бап, 12 бап, 9 бап, 13 бап, 19 бап, 14 бап,

Қызметтік қағидаларына:

- 6 бап, 15 бап (22, 46, 48,54, 55,134,152,194,225,279 диспозитивтік), 186 бап,

АПК Азаматтық сот өндірісінің
міндеттері мен қағидаларына:

11 бап, 17, 18, 20, 21

3 тақырып:

**Азаматтық процессуалдық
құқық қатынастары және
оның субъектілері**

Сұрақтар:

1. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының түсінігі және ерекшеліктері.
2. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының алғышарттары.
3. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының мазмұны және объектілері.
4. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері, олардың жіктелуі.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының түсінігі және ерекшеліктері.

- *Азаматтық процессуалдық құқық қатынасы* – бұл субъективтік құқықтар мен заңмен қорғалатын мүддені қорғау үшін сот пен өзге азаматтық процесстің қатысушылары арасындағы азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар.

Құқықтық қатынас объектісі

Жалпы

Объект – сотпен қарастырылатын
азаматтық іс

Арнайы

(мысалы, сот-талапкер қатынастары,
құқықтық қатынас объектісі-
талапкердің құқықтық мүддесі)

COT

Талапкер

Жауапкер



Субъективтік құрам бойынша:

- Басты құқықтық қатынастар
- Қосымша құқықтық қатынастар
- Қызметтік- көмекші құқықтық қатынастар

Алғышарттар:

Жалпы (абстрактілі)

- Құқық нормасы;
- Құқықсубъектілік;
(құқыққабілеттілік және әрекетқабілеттілік)

Арнайы (нақты)

- Заңды дерек;
- Заңды деректердің жиынтығы

- Азаматтық процессуалдық құқық нормалары;
- Процессуалдық құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықсубъектілігі;
- Заңды дерек (заңдық құрам)

Азаматтық процессуалдық құқық нормаларының белгілері:

- ✓ Тек мемлекетпен бекітіледі;
- ✓ Жалпы міндетті;
- ✓ Жалпы сипатқа ие;
- ✓ Тек азаматтық сот өндірісі саласындағы қатынастарды реттейді;
- ✓ Бұзылған жағдайда мемлекеттік бағындыру шараларын қамтамасыз етеді.

Процессуалдық құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықсубъектілігі;

Азаматтық процестік құқық қабілеттілігі

- Азаматтық процестік құқықтар мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі барлық азаматтар және материалдық құқық субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар үшін бірдей шамада танылады (ҚР АПК 44 бап)

Азаматтық процестік әрекетке қабілеттілігі

- Сотта өздерінің әрекеттерімен өз бетінше өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау қабілеттілігі (ҚР АПК 45 бап)

Заңды дерек:

- Азаматтық процессітік құқық нормалармен қарастырылған өмірлік жағдайлар, заң оларды азаматтық процессуалдық қатынастардың пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылуымен байланыстырады.

Сот билігін жүзеге асырушы тұлғалар:

- Судья,
- сот мәжілісінің хатшысы,
 - сот орындаушысы,
- соттық приставы



Іске қатысушы тұлғалар:

- Тараптар;
- Үшінші тұлғалар;
- Прокурор;
- Мемлекеттік орган;
- Жергілікті өзін-өзі басқарушы орган;



Іске қатысушы тұлғалар

● Талапкер
(белсенді)

● Жауапкер
(пассивті)

Тараптар:

Талапкер:

- Талап арызын сотқа беру арқылы өзінің даулы құқығын қорғап, сотқа жолданушы немесе субъективтік құқығы мен қорғалатын заңды мүддесі бойынша азаматтық іс қозғалған тұлға.

Жауапкер:

- Талапкердің арызы бойынша жауапқа тартылған тұлға.

Әділсотты іске асырудағы көмектесуші тұлғалар:

- Куәлар; сарапшылар; аудармашы, маман, мүлікті сақтаушылар.

Тараптардың азаматтық іс жүргізу құқықтары:

Жалпы

- Тараптардан басқа да іске қатысушы тұлғаларға тиесілі құқықтар; ҚР АПК 46 б.

Арнайы

- ҚР АПК 30, 48, 49, 153, 155 б.

4 тақырып.

- Тараптардың түсінігі және құқықтық жағдайлары.
- Процессуалдық іске ортақ қатысу.
- Тиісті емес жауапкердің түсінігі және оны ауыстыру. Процессуалдық құқық қабылдаушылық.
- Азаматтық процестегі үшінші тұлғалар ұғымы.
- Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалар: процеске қатысу негіздері және тәртібі, процессуалдық құқықтары және міндеттері, іске ортақ қатысушы талапкерлерден айырмашылығы.
- Даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлғалар: процеске қатысу негіздері және тәртібі, процессуалдық құқықтары мен міндеттері, іске ортақ қатысушылардан айырмашылығы.
- Азаматтық процеске прокурордың қатысу негіздері мен формалары.
- Азаматтық процеске мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және жеке азаматтардың басқа адамдардың құқықтарын қорғау үшін процеске қатысуының құқықтық формалары

Тараптар:

Талапкер:

- Өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап талап қою берген немесе ҚР АПК көзделген тәртіппен өзге де тұлғалар оларды қорғап талап қою берген азаматтар мен заңды тұлғалар.

Жауапкер:

- Өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар

Белгілері:

- Істің нәтижесіне материалды-құқықтық, іс жүргізушілік-құқықтық мүддеге ие;
- Процесске өз атынан және өз мүддесін қорғау үшін қатысады;
- Қарама-қарсы материалды-құқықтық және процессуалдық мүдденің болуы;
- Заңды күшіне енген сот шешімінің салдарының толық көлемде таратылуы;
- Іс бойынша сот шығындарына ие болу.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Жалпы

- ҚР АПК 46 б. 1 т.
(құқықтары)
- ҚР АПК 46 б. 2 т.
(міндеттері)

Арнайы

- ҚР АПК 48 б. 1 т.
(құқықтары)
- Тараптардың арнайы міндеттері азаматтық процесстің сатының нақты процессуалдық әрекетінің сипатына байланысты (талапкер талап- арызға қажетті құжаттар қоса беруге міндетті және т.б.)

Процессуалдық іске ортақ қатысу.

Бір процеске бір-бірінің талаптары немесе міндеттерін жоққа шығарылмайтын бірнеше талапкер мен бірнеше жауапкердің қатысуы.

Процессуалдық іске ортақ қатысудың басты белгісі:

- Бірнеше талапкер (бірнеше жауапкер) материалдық-құқықтық талаптарының (немесе болу мүмкіндігі)
- Тараптардың да, соттың да бастамасы бойынша болуы мүмкін.
- Соттың және тараптардың уақытын үнемдеу.

Ортақ қатысу:

- ***Міндетті:***

Друдың пәні болып
бірнеше талапкер мен
бірнеше жауапкердің
жалпы құқықтар ымен
міндеттері.

- ***Факультаті:***

Друдың пәні болып
біртекті құқықтар мен
міндеттер

Тиісті емес жауапкер “*легитимация*”

- Тек талапкердің келісімен;
- Соттың ұйғарымен рәсімделеді.
- Тиісті емес жауапкердің әрекеті тиісті жауапкерге заңды мәнге ие емес.

Процессуалдық құқық қабылдаушылық.

- Азаматтық процессте тараптар мен үшінші тұлғаларды ауыстырудың ерекше жағдайы;
- Құқыққабылдаушылық кез келген сатыда орын алуы мүмкін;

Құқық қабылдаушылық

Әмбебап:

Барлық құқықтар мен міндеттердің өзге тұлғаға ауысуы

Сингулярлы:

- Жеке материалды құқықтық қатынаста, заң бойынша жеке субъективті құқықтардың ауысуы.

Үшінші тұлға:

Мәлімдейтін

- Процесске талап қою арқылы қатысады, талап қоюшының барлық міндеттерін атқарады;
- Басталып кеткен процесске қатысады;
- Талап қою пәні толық немесе жартылай толық сәйкес келуі керек;
- Іске қатысу белсенділігі

мәлімдемейтін

- Өздерінің құқықтары мен міндеттеріне әсер ету мүмкін болса, іс бойынша шешім шыққанға дейін талапкер немесе жауапкер жағында іске қатыса алады;
- Басқа адамдардың өтінішімен, соттың бастамасымен іске қатысады;
- Арнайы құқықтары жоқ

Прокурордың қатысуы:

- Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша талап арыз қою арқылы процеске қатысу.
- Қорытынды беру бойынша іске қатысу

Азаматтық процеске мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және жеке азаматтардың басқа адамдардың құқықтарын қорғау үшін процеске қатысуының құқықтық формалары

- Басқа тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару орган., ұйымдардың және жекелеген азаматтардың сотқа талап арызбен жүгінуі;
- Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару орган., іс жүргізуге іс бойынша қорытынды беру үшін қатысуы.